

АНА ТІЛІ

Ұрпақ Тағдыры

1990 жылғы
наурыздың 22-сінен
бастап шығады

Саха деген сайын жұрт



Жыл басында Қазақстанға Саха (Якутия) Республикасының басшысы Айсен Николаев келіп, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауында болып қайтқан еді. Кездесудің нәтижесінде қазақ пен саха халықтары арасындағы тамыры терең тарихи байланыстарға жаңаша серпін беріліп, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты кеңейте түсуге айрықша назар аударылған болатын. Осы ынтымақтастық аясында сәуір айының 19-23 күндері Астана қаласында 6-шы Еуразия халықаралық кітап жәрмеңкесі өткізілмекші. Көрме кезінде жазушы Әлібек Асқаровтың «Саха-Якутия. Ақ қар, көк мұз әлеміне саяхат» атты кітабының саха бауырларымыздың қатысуымен таныстырылымы жоспарланып отыр екен. Біз өз оқырмандарымызға көркем безендірілген, танымдық тұрғыда жазылған сол кітаптан үзінді ұсынып отырмыз.

Якут тілі өзінің түп төркіні саналатын түркі тілдерінен бірінші болып бөлініп шыққан тіл. Осы себеппен де түркі тілдес өзге ағайындардың оларды түсінуі қазір де қиынға соғып жатады. Тарих тереңіне бойлайтын болсақ, сахалардың арғы аталары Орта Азияның далалық аймақтарынан тарапты. Олар өз заманында Алтай мен Саян тауларының қойнауларын мекен еткен, Байкал көлі жағалауын жайлаған біршама тайпалармен тығыз байланыста болған екен. Қазіргі сахалардың ата-тегі құрықандар деп саналады. 5-9 ғасырлар аралығында өмір сүрген

құрықандар түркі тілінде сөйлеп, Орхон руна жазуларын пайдаланыпты. Осы себеппен де бүгінгі якут тілі түркі тілдерінің ішіндегі ең көнесі санатында. Бұл тіл ерте замандарда, сонау Хун дәуірінде пайда болған деген тұжырым бар.

Дегенмен, барша түркі тілдерімен салыстыра қарағанда якут тілі мүлдем ерекше, жеке-дара, оқшау тұрғанын байқау қиын емес. Оның себебі бұл тілдің ежелгі замандарда бәріне ортақ болған көнетүркі (прототюрк) тілінен ертерек бөлініп шығуынан болса керек. Расында да, бүгінгі зерттеуші мамандар якут тілі қазіргі қолданыста жүрген алуан түрлі түркі тілдеріне қарағанда – баяғыда құрып кеткен көне тілдерге, нақты айтқанда 6-8 ғасырлардағы Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі жазбаларға әлдеқайда жақын деседі.

Якут тілі алтайлық үш тілдік топтың қиысқан тұсында – түркілік, моңғолдық, тұңғыс-манчжур тілдерінің тоғысқан аймағында жатыр. Өзге түркі халықтарынан ертерек бөлініп шыққан саха жұрты Сібірдің солтүстік шығысына қарай үдере көшіп, әйгілі Лена дариясының бойын мекен еткені белгілі. Ұзақ жылдарға, тіпті бірнеше ғасырларға созылған осы жойқын көш жолында олар жолай моңғол ұлысын құраушы халықтармен, тұңғыс-манчжур тайпаларымен қоңсылас болды. Тіпті олармен тонның ішкі бауындай араласып-құраласып кетті. Соның салдарынан якут тіліндегі жалпытүркілік сөздер айтарлықтай өзгеріске түсті. Көршілес-қоңсылас тайпалардың көп сөздері, ұғымдары мен атаулары саха тіліне сіңісіпті. Сөйтіп, бұл көне тіл грамматикалық форма жүйесінде де біршама ауытқуларға ұшырапты.

Лилия Иннокентьевна Винокурова деген саханың елжанды азаматының жүрек қылын шерткендей мына бір мақаласымен танысып, қатты тебіренгенімізді жасыра алмаймыз. Сенбесеңіздер, сіздер де оқып көріңіздер:

«Якуттардың тілі – біздің мақтанышымыз, біздің төлқұжатымыз, тағдырымыз, үмітіміз бен жан ауыртқан қайғымыз... Ол ықылым заманнан бері келе жатқан ертегі-аңыздардағы асыл қазынамызбен, анасының тілінде ән айтып, жыр шығарған бозбаламен бірге өмір сүріп келеді, – деп бастапты ол кісі ұзақ әңгімесін. – Өткен ғасырдың 90-шы жылдары Музыка ғимаратында, сол кездегі республикамыздың Жоғарғы Кеңесінің төрағасы М.Е.Николаевтың сөз сөйлегенін мен ешқашан ұмытқан емеспін. Ол партияның қызыл мәуіті матамен қапталған мінбесінен якут тілінде сөз сөйледі ғой! Сол кезде менің жүрегім атша тулап кетті. Өйткені алғаш рет жоғары мәртебелі жиналыста, ең биік мінберден ресми адам менің туған тілімде сөз сөйледі. Оған дейін басқарушы билік бізді бұратана, жабайы, надандар деп қабылдап, біздің ана тілімізді – өткен заманның тілі, болашағы жоқ тіл деп санайтын. Осы жиналыста анамның тілі бірнеше ғасырдан кейін алғаш рет мемлекеттік тіл ретінде мойындалғанын естігенде мен егіліп кеттім, көзімнен еріксіз жас сорғалады».

Иә, Якутияның өткеніне, көз жүгіртсек – бұл тіл бір замандарда Таймырдан Чукоткаға дейінгі аралықты қамтыған өрісі кең тіл болған. Бұл тіл мал баққан малшылар мен жер жыртқан шаруалардың, каюрлар мен жер аударғандардың, бұғышылар мен балықшылардың ортақ тілі болыпты. Олар осы тілде саудаларын жасапты, ән салып, би билепті, бір-бірімен достасыпты, бауырласыпты. Бұл тіл осылайша анау заманның үні мен дауысын, жан сезімін, ұлттар мен ұлыстардың, түрлі тайпалардың қаны мен жанын бойына сіңіріпті... Бұл тіл қаншама шайқас пен төңкерістерді басынан өткеріпті. Солай бола тұра адамдардың бірін бірі қырып-жойған қанқұйлы әрекеттерінен де, дүниені қып-қызыл өртке ораған қилы соғыстарынан да аман шығыпты.

Амал қанша, кейін большевиктік әкімшіл-әміршіл заман туып, бәрі де өзгеріп салыпты. Елжандылықты қуғынға салған, патриотизмді сүргінге салған, ел басына күн туған аласапыран жылдардың тауқыметін якуттар да бір кісідей тартыпты. Сол жылдары әсіресе Сібір мен Солтүстік халықтары мекен еткен жерлерге жаудай шауып, оларды жаппай игеру науқаны басталса керек. Ол «игерушілер» алтын іздеп, ойдымдап, жердің ойранын шығарады, гауһар іздеп жырымдап, жер төсін жаралайды, жаһұт іздеп динамитпен тау мен тасты жарумен болады. Олардың артында қашанда бұрқырап шаңы шыққан қара топырақ, жапырыла қираған ағаш, өртенген орман, бүлінген сүреңсіз табиғат, шашылған қоқыс қана қалып жатады. Оларға қымбат кен байлығынан басқа ештеңенің қажеті жоқ еді, өзге дүниенің бағасы «көк тиын» болды. Бұл жерде өмір сүріп жатқан ел мен жұрттың тағдыры, олардың өмірде бары мен жоғы әлгіндей ашқарақ кірмелерді селт еткізбеді. Халықтың болашағы оларды алаңдатпады, тұрмыс жағдайы, тілінің жай-күйі туралы бас қатырмады. Келімсектер жергілікті жұртты жабайы, қараңғы қауым деген түсінікпен олардың тарихы мен мәдениетін қорлады, тұрмыс-салтын мансұқ етті, намысына қамшы басып, тілін таптады. Осындай мұрындарын шүйірген өр кеуде қиягелді топтар да, олардың сөзін сөйлеп, жоғын жоқтаған жергілікті басшылар да жыл санап көбейе берді, көбейе берді.



Міне, осы жылдары якуттың тілі айықпас дертке шалдығыпты, ол қоғамдық ортадан шеттетіліп, қажетсіз болып қалыпты. Балабақша мен мектепте, көше мен мекемеде, түрлі жиналыстарда, қысқасы адам жарық дүниеге келген сәттен өлгенге дейін оның ғұмыры түгелімен шүлдірлеген бөтен тілде сөйлеумен өтіп жатыпты. Ол тілде тілін шайнап, дұрыс сөйлей алмағандар былайғы жұрттың мазағына қалыпты. Ондай жандар қоғамның мүгедегіндей ақылы жарымжан, кембағал, өресі тар, сауатсыз ғаріптей қабылданыпты. Мыңдаған жылдар бойы ата-бабасынан бері туған тілінде сөйлеп келген якуттардың арасынан ендігі жерде өз тілін ұмытқан мәңгүрт жастар шығыпты, якут тілінде сөйлеуді ұят санайтын, ғаріп-ғасер ұрпақ пайда болыпты. Зиялы ортада якут тілінде сөйлеу мүлдем тыйылыпты. Сөйтіп, ана тілдері торқалы тойға жыртық шапанымен келген туысқанның кейпін киіпті. «Бұғы бағушылар мен малшылардың тілінде неге сөйлейсің?» деп бірін бірі мінейтін жағдайға да жетіпті. Кең далада айғайлап сөйлеуге үйренген үлкендердің дауысын естігенде жастар жан-жағына жалтақтап, үрейленетін болыпты, «біреу естіп қойды ма?» деп, жерге кірердей ұялатын болыпты.

Несін жасырайық, тіл жөнінде ол кезде қазақтың да жетіскені шамалы еді-ау! Мұндай ахуалдың елесі көп жылдар бойы біздің қазақ қоғамын да кезгенін білеміз. Әлі есімде, Кеңестің қылышынан қан тамған анау жылдарда біз, студенттер, Алматыдан таңғы рейспен ұшып, сағат сегіздер шамасында Өскеменге жететінбіз. Содан Катонқарағайға ұша-

ғымыз түстен кейін, сағат үшке таяу ұшатын болғандықтан, екі арада біршама бос уақытты пайдаланып, автобуска отырып, қаланы аралайтынбыз. Сонда автобустың артында бір-бірімізбен шүңкілдесіп қазақша сөйлесіп тұрсақ, «что вы, молодые люди, бормочете? говорите по-русски» деп, жеркөшіпен саңқ еткен зеку сөзді талай естігенбіз. Тіпті бірде қызуқанды Дидахмет Әшімхан досым намысқа басып, қазақшасын қорғаймын деп соқталдай алты жігітке қарсы шыққаны бар. Оның ақыры бетіміз сүріліп, көзіміз көгеріп, мұрынымыз қызылала қан болып, әуежайға қайтып келгенімізді мен әлі ұмытқаным жоқ. Тура менің осы ойымды қостағандай, жуықта теледидардан Хасен Қожахметтің сұхбатын естіп қалдым. Желтоқсан қаһарманы, елжанды азамат Хасекең: «Ол заманда мәлкіген орыстың кемпіріне дейін сен неге орысша сөйлемейсің деп дікендеуші еді ғой, аптобозда да, дүкенде де сол сөзді талай естігем, ондай қорлауды қалай ұмытарсың!» – деп ашына сөйлеп жатыр екен. Сондықтан саха бауырларымыздың жан айқайы талай рет таяқ жеген мына бізге түсінікті жағдай.

«Бірақ бәрібір біз ана тілімізде түс көретін едік, – дейді Лилия Иннокентьевна. – Кейде жүрегіміз торыққан сәттерде, көңіліміз жабырқаған шақтарда, бөтен жұрт жоқ жерде өзіміз ғана отырып, туған жердің ескі әндерін шырқайтынбыз. Өз тілімізде тапқыр әңгімелер, қызықты оқиғаларды айтып, рахаттана күлетінбіз. Сондайда өзіңді түсінетін, өзіңе етене жақын соншалықты ыстық орта тапқаныңа масайрайтынсың, ет жүрегің бал жегендей елжірейтін, көңіл шіркін нөпір қуанышқа бөленіп, жаздай жайнап салатын».

Якут тілінің жан беруі ұзаққа созылған екен. Тіл қалалар мен үлкен ауылдарда шын мәнінде өле бастапты. Бұл тілде жол да, жөн де сұрай алмайтын жағдайға жетіпті, дүкен мен дәріханада сауда жасай алмайтын халге ұшырапты. Оқушыға мұғалімдер ана тілінде сабағын түсіндіріп бере алмайтын болыпты. Бірақ бәрібір ана тілінің өлгісі келмепті. Ауылдың ағаш үйінде дүниеге келген әрбір сәбиімен ол қайта туыпты.

«Якут тілінің сырына үңілген адам одан апайтөс кең даланың, жазиралы шалғынның, бұлт жөңкілген көк аспанның келбетін көреді, кешкі алау басында жанған түтінінің иісін сезеді», – дейді Лилия ханым.

Сөйтіп, кейінгі жылдары қалада да, далада да рухани серпілу, қайта ояну кезеңі белең алып, әйелдер балаларына бесік жырын айта бастайды. Бесік жырын естіп өскен бала қалған ұзақ өмірінде оның әуезді сазын ешқашан ұмытпақ емес. Жер жаһанның қай бұрышында жүрсе де бесікте естіген түркі әуеніне ол елең ете түседі. Сан түрлі тілді өзге ортада жүрсе де сәби шағында естіген түркілік дауысқа ол жалт қарайтын болады. Сол сәтте ол – арада, мейлі, қырық-елу жыл өтсе де, таныс әуенге туысқанын тапқандай балаша қуанады, көкірегін мақтаныш сезімі кернейді, мынау жатбауыр жаһанда өзінің жалғыз емес екенін сезінеді.

«Басқа ұлттың адамы бізге өз тілімізде тіл қатқан кездегі біздің жан сезімімізді көрсеңіз ғой! – дейді Лилия ханым. – Бір сәт ол адам сенің ең жақын адамыңа айналып кеткендей болады. Ұзақ сапарда оған арқа сүйеуге болатын жан досыңдай, қиындықты бірлесіп жеңетін жақын туысыңдай үміт артасың. Оған деген сеніміміз кіршіксіз таза: біздің тілімізді үйренген адам – ол тілді бізбен бірге өмір сүру үшін үйренді ғой, ұзақ уақыт бізбен бірге тұру үшін, тіпті өмір бақи бірге болу үшін үйренді деп ойлайсың. Якуттар өз тілінде сөйлейтін басқа ұлт өкілдерін аталасындай сыйлайды, етжақынындай жақсы көреді, жетімді аялағандай, жоғалған туысын ойда жоқта тауып алғандай жаны жадырайды».

Ойды ой қозғайды демекші, Лилия ханымның әңгімесі маған жаңа астана жасаймыз деп дүрлігіп, 1997 жылдың ақпанында борандатып Ақмолаға келген алғашқы сапарымызды есіме түсірген. Жұртшылық әндей әдемі Алматысын тастап, әлі де анау солтүстіктің қиырындағы, маң даладағы шаңдақ Ақмола дейтін «провинциал» қалаға көшетіндеріне сенбей жүрген уақыт. «Елбасымыз ақылға келер, бұл шешімін өзгертер» деген шүбәлі ойда толқыған азаматтарға, өзге де мемлекеттік мекемелерге үлгі көрсету керек болды. Ол үшін Бұқаралық ақпарат министрлігі осы жазда бірінші болып өзіміз көш бастап, Арқаға қарай жылжиық деп шешкенбіз. Сол шешіммен біз алдын-ала Ақмолаға келіп, көшетін қызметкерлерімізге қала ішінен сатып алатын үйлер іздестіріп жүрген кезіміз. Осы жердің тумасы ғой деп, ақыл айтар, жөн сілтер жазушы ағамыз Алдан Смайылды алға салып қойғамыз.

– Қазақ көрсеңдер әуре болып олардан ештеңе сұрамаңдар? – деген Алдан ағамыз бірден ескертіп.

– О не дегеніңіз? Сонда немене, қазақтың үйі жаман ба екен? – деп біз өзімізше намыс шақырған болдық.

– Жаман демей-ақ қояйын... Бірақ біздің қалада қазақтар бірінші мен ең соңғы бесінші қабаттарда ғана тұрады. Оны сендерден несіне жасырайық, анау «кемелденген социализм» дәуірінде ондай дискриминация бізде ашық болған. Алматының зиялы қауымы келіп, осыдан былай сендер өзгеріс жасап арқамызды кеңейтпесеңдер, бұл жердің қазақтары әлі күнге қорғалақ, әлі күнге бүгежектеп өгей баланың күйтiңiмен жүр.

– Ұят екен! Ендеше былай... еркектерше бас намыс шақырып айтпайсыңдар ма? Газет-жорнал қолдарыңда, айғайлатып проблема көтермедiңдер ме?

Алдан ағамыз «мына iнiм не деп тұр» дегендей менiң бетiме бажырая бiр қарады да:

– Біз, шырағым, қай заманда, қаламгерлердің көбісін айтам, онсыз да үш әріптің қара тізімінде тұрған жандар болатынбыз. Газетің не? Бұл проблеманы өз арамызда сөз етуден, сыбырлап айтудан да жасқанатынбыз. Біреу естіп қалса – ұлтаралық жағдайды қоздырды, «әсіре-

ұлтшыл» деген таңбаны маңдайыңа тарс еткізіп басады да, аяқ-қолыңды байламай әкетеді.

Алдан ағамыз осылайша ағынан жарылған. Апырмай, деп ойлайсың қазір, біздің көбіміз ұрандатқан алдамшы сөзге иланып, бұлаң құйрық құйтырқы саясаттың артын ұзақ уақыт бойы байқамай келіппіз-ау! Проблеманың төркінін әріден аңғара алмай өмір сүргеніміз шындық екен-ау!

Несін айтайық, бүгінде әйтеуір бәрі де аққан судай өтті-кетті ғой. Шүкір дейік, Кеңестік империя ыдырағаннан бергі 30 жыл ішінде саха жұртында үлкен мәдени серпіліс барын, якут қоғамына рухани зор сілкініс келгенін, олар өзінің ана тілін дамытуға барынша күш салып жатқанын біз көзімізбен көріп, көңілімізбен сезініп қайтқанбыз. Қазір саха халқының 90 пайызы өздерінің ана тілінде еркін сөйлеп, еркін жаза алатынын жағдайға жетіпті. Игіліктің бәрі де жөнімен, бәрі де ретімен болып жатқанына куә болдық.

Ресей Федерациясында өткен 2010 жылғы санақ бойынша, бұл елде якут тілінде 450 мың адам сөйлейді екен. Олар негізінен осы Саха Республикасында тұрып жатыр. Сондай-ақ якуттар Иркутскі, Амур, Магадан облыстарында да, Краснояр мен Хабаровск өлкелерінде де біршама бар көрінеді.

Біз жүздескен азаматтардың сөздеріне қарағанда, якуттар өздерінің аз халықтар санатына жататындарын жүректерімен сезеді. Сол аздықтарына қарай, көкіректерін шерлеген өкініштері де бар екенін байқадық. Өздерінің аздығын ескеріп, олар атадан балаға мирас болып келе жатқан ұлттық салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын отбасында да, қоғамдық ортада да мейлінше сақтауға, оларды ұдайы жастар арасында насихаттап отыруға күш салып жүргендерін айтады. Әсіресе ана тілдерін жетімсіретпеуге, оны құрметтеуге келгенде біздің қазақтардың осы саха ағайындардан да үйренері бар сияқты.

Бүгінде саха тіліне республикада орыс тілімен қатар мемлекеттік мәртебе берілген. Қазір күнделікті қарым-қатынас тілі ретінде саха тілінің де қоғамдық ортада беделі артып келе жатқан тәрізді. Ол тіл өндірісте де, мемлекеттік мекемелерде де, мәдениет ошақтарында да, кейде тіпті ғылымның салаларында да өзінің лайықты орнын табуда. Саха тілі барлық ұлттық мектептерде, педагогикалық училищелерде оқытылады деседі. М.К.Аммосов атындағы Солтүстік-шығыс федеральды университетінде «Якут филологиясы мен ұлттық мәдениет факультеті» ашылыпты. Бұл факультетте сабақ тек таза саха тілінде өткізіледі екен.

Әңгіме тіл төңірегінде өрбіп жатқандықтан, бәрімізге қажет мына ақпаратпен де таныса кетсек артықтық етпес... Жер шарындағы халық саны бүгінде 7.8 млрд деп есептелуде. Осы 7.8 млрд адамды 100% деп алсақ, ол жағдайда халықтың:

11% – Еуропада,

5% – Солтүстік Америкада,
9% – Оңтүстік Америкада,
15% – Африкада,
60% – Азияда тұрып жатыр екен.

Олардың:

12% – қытай тілінде,
5% – испан тілінде,
5% – ағылшын тілінде,
3% – араб тілінде,
3% – хинди тілінде,
3% – бенгал тілінде,
3% – португал тілінде,
2% – орыс тілінде,
62% – алуан түрлі өз тілдерінде сөйлеседі екен.

Түркі тілдері, соның ішінде қазақ пен саха тілдері де осы соңғы 62 пайыздың құрамында қалып отыр. Бұл пайыздың ішінде біз секілді жаһандық жаңғыруларға айғайлап үнін қоса алмай, ойбайлап дауысын жеткізе алмай жүрген қаншама ұлт пен ұлыс бар десеңізші! Амал нешік, біз азбыз – оны білеміз, санаулы ғана жұртпыз – оны да білеміз. Тек, осы аздығымыз біздің бәрімізді қамсыз күйден арылтып, қаперсіз санамызды серпілтсе екен. Бойымызға буырқанған қан жүгіртіп, бірлігімізді нығайта түссе екен деп тілейік!

Бірде қаламгер әріптестердің ортасында отырғанда тіл мәселесі төңірегінде ойда-жоқта ұзақ-сонар дискуссия басталып кеткені бар. Әңгіме «қазақ тәуелсіздік алып, жеке мемлекет болғалы отыз жылдан асты, осы отыз жылда қазақша үйреніп кеткен қанша орысты білесің» деген, бір-бірімізге жаутаңдай қойған сұрақтан басталған. Бірер адамды біледі екенбіз: Щиповских, Коновалов, Жулин, Щегорцова... жігіттер тағы бірнеше адамды қосып атады да, ары қарай ешкімді естеріне түсіре алмай, санын онға да жеткізе алмай тұтыққан.

Қазақтың тілі десе, салт-дәстүрі десе тамағы қырылдап қалғанша, жағасы жыртылғанша дауласуға дайын аудармашы-жазушы досымыз Ақайдар Ысымұлы:

– Бұлар мыңның ішіндегі бірен-сараны ғана... – деді біз атаған алты-жеті фамилияға көңілі толмай. - Оларға қарап тіл мәселесі шешіліп тастады дей алмаймыз! Біз осы отыз жылда қазақ тілін дамыту жөнінен анау тоқсаныншы жылдардың басындағы жинап-терген қорымыздан айрылып қалдық! Позциямызды жоғалтып алдық! Сол жылдары бәрімізде жалындаған құлшыныс бар еді, орысы бар, ана тілінде шалашарпы шүлдірлеген қазағымыз бар – бәрі де адал ниеттермен, шынайы ынтамен тіл үйренуге кірісіп еді. Еліміздің келешегіне, ол жердегі ана тіліміздің ертеңіне деген сенім бізде мол еді. Сол құлшынысты қашан, қалай жоғалтып алғанымызды өзіміз де байқамай қалыппыз. Енді міне... қазақша сөйлеген орысты көрсем өз басым көптен кездеспеген жақын

жұрағатымды тапқандай қуанып кетем!

– Ау, ағайын, ағылшын тілін де үш айдың ішінде нан сұрайтын деңгейде үйреніп алып, біраз адам шетелдерде қыдырып жүр емес пе? Сонда үш ай емес, отыз жылда қазақша отыз сөз үйрене алмағандары қалай? – деп таусылды келесі азамат.

– «Отыз жылда үйренбеді» деген – ол адамдар біздің отандастарымыз бола тұра, қазақтың суын ішіп, нанын жеп отырса да біздің халықты сыйламайды, құрметтемейді деген сөз. Сенің тіліңнің оларға беш тиын қажеті жоқ! – деді Ақайдар түтігіп.

Үшінші танысымыз орыс ағайынға тіл үйретпеген өзіміз екенін айтып өзеуреді. Жүз адамдық жиналыста арамызда бір көк көз отырса, соған қарап жалтақтап, бәріміз өзге тілде сайрап кететін жалтақтығымызды көлденең тартты.

Енді бір жігіт осы отыз жылда жоғары биліктің түстікке қарап маңырап, тілерсегі дірілдеп, халқын жалпақ шешей ғып үйреткенін кінәләуға кірісті.

Ол ғана емес, деп шықты төртінші досымыз, теледидардың 90 пайызы орыс тілінде. Содан теледидар дегенің бала-шағадан бастап бәрімізді орысша сайрауға мәжбүрледі деп ақталды. Өйткені қазақ тілінде дұрыс программа жоқтың қасы, бәрі берекесіз шоу мен даңғаза шуыл, бақырайтып қойып ақыл айту деп, бесінші жігіт төртіншінінің пікірін дәйектей түсті.

Теледидар ғана емес, интернет қана емес, қалта телефондарымыз да орысша ғой, таң атқаннан кеш батқанша сөйлесетініміз де, көретініміз де осы қалта телефон. Ал онысы түгелге жуық басқа тілде, деді алтыншы досымыз.

– Қазақ жастары намыстан айрылып барады, – деп дауды бастаған Ақайдар басын шайқады. – Анау сексен алтының желтоқсанында бас көтерген айымдардың сіңлілері қайда кеткен бұл күнде? Мына Астананың сол жағалауында 99 пайыз қара көздер тұрады, көшеге шықсаң жасы бар, жасамысы бар, әйелі бар, еркегі бар бәрі орысша сайрап, шүйіркелесіп бара жатқаны. Қазақстанда емес, Ресейде жүргендей сезінесің өзіңді. Олар ғана емес, қаладағы қазақша балабақшалар да орысша сөйлеп кеткенін байқадыңыздар ма? Ендеше қазақ өз талайын өзінен көрсін, бұл түрімізбен қайда бара жатқанымызды неге біз ойланбаймыз осы?

Қысқасы, тіл туралы бұл пікірталас тағы біраз уақытқа созылып, шегіне жете алмай, шешімін таба алмай жүйкені тоздырып, шаршап тарасқан едік. Жоғарыда сөз еткен Якутия азаматы Лилия Винокурова ханымның өзінің ана тілі төңірегінде шырылдаған жан айқайын біздің Ақайдар досымыз да қайталағандай тұжырымдапты-ау!

Расында, осы біз бұл бетімізбен қайда бара жатырмыз?

Әлібек АСҚАРОВ